

1. Қазақ эпосын тарихи желілері бойынша алғаш дұрыс жүйелеген ғалым
  - A) М.Әуезов
  - B) Ә.Диваев
  - C) Қ.Жұмалиев
  - D) М.Ғабдуллин
  - E) Ә.Марғұлан
2. Ауыз әдебиетіндегі ең бай, әрі көне жанрлардың бірі
  - A) тарихи эпос
  - B) қаһармандық эпос
  - C) архаикалық эпос
  - D) лиро эпос
  - E) діни эпос
3. Ежелгі Грек тарихында шешендік өнердің өркендеуіне осы заңдардың бірі себеп болған
  - A) Шешендік заңы
  - B) Афина заңы
  - C) Билік заңы
  - D) Жеті жарғы
  - E) Солон заңы
4. Жасампаздық мифтерінің басты сюжеттері
  - A) аспан мен жердің пайда болуы
  - B) түпсіздіктің затқа айналуы
  - C) космостың немесе ғарыш денелерінің жасалуын баяндайды
  - D) ежелгі дүниені құрайтын заттар мен құбылыстардың пайда болуы туралы
  - E) әлемнің пайда болуын әңгімелейтіндер
5. «Ең алдымен, фольклор – синкретті өнер. Оның бойында халықтың тұрмыс-салты, театр, сөз, би және ән-күй өнері бір-бірінен дараланбай, тұтас күйінде көрінеді» деген анықтама авторы
  - A) Л.Соболев
  - B) А.Веселовский
  - C) М.Сильченко
  - D) Г.Потанин
  - E) Ә.Диваев
6. Төрт аяқты болатты,  
Жал-құйрығы қанатты,  
Адымы жерді қуырған,  
Азуы шөпті суырған...
  - A) Жанақ бақсының сарыны
  - B) Балақай бақсының сарыны
  - C) Досмырза бақсының сарыны
  - D) Қойлыбай бақсының сарыны
  - E) Шөмен бақсының сарыны

7. «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деген
- A) Ы.Алтынсарин
  - B) В.Радлов
  - C) Г.Потанин
  - D) Ш.Уәлиханов
  - E) Ә.Диваев
8. «Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған» деген пікірдің авторы
- A) М.Ғабдуллин
  - B) М. Әуезов
  - C) С.Сейфуллин
  - D) Ә.Қоңыратбаев
  - E) Ш.Уәлиханов
9. «Қыз бен жігіт айтысының» поэтикалық құрылымының түрі
- A) он бір буынды өлең
  - B) шұбыртпалы
  - C) қара өлең
  - D) егіз ұйқас
  - E) жұмбақ
10. Шоқан Уәлихановтың «қара өлең» туралы тұжырымы
- A) он бір буынды, төрт тармақты болады
  - B) 1-2-4 жолдары ұйқасады да, 3-жолы ұйқаспай, бос қалады
  - C) төрт жолдан тұратын кәдімгі өлеңдердің бірі
  - D) міндетті түрде қайырма қосу арқылы айтылады
  - E) бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты